

МАҢҒЫСТАУ ОБЛЫСЫНЫҢ
БІЛІМ БАСҚАРМАСЫНЫҢ
"ОРАЗМАҒАНБЕТ ТҰРМАҒАНБЕТҰЛЫ
АТЫНДАҒЫ МАҢҒЫСТАУ
ИНДУСТРИАЛДЫ ТЕХНИКАЛЫҚ
КОЛЛЕДЖІ" МЕМЛЕКЕТТІК
КОММУНАЛДЫҚ
ҚАЗЫНАЛЫҚ КӘСІПОРНЫ



ГОСУДАРСТВЕННОЕ КОММУНАЛЬНОЕ
КАЗЕННОЕ ПРЕДПРИЯТИЕ
"МАНГИСТАУСКИЙ
ИНДУСТРИАЛЬНО-ТЕХНИЧЕСКИЙ
КОЛЛЕДЖ ИМЕНИ
ОРАЗМАҒАНБЕТ ТУРМАҒАНБЕТУЛЫ"
УПРАВЛЕНИЯ ОБРАЗОВАНИЯ
МАНГИСТАУСКОЙ ОБЛАСТИ

Республикасы, Маңғыстау облысы, 130200, Жаңаөзен қаласы, «Көктем» шағын ауданы, №9А оқу ғимараты, E-mail: jknig@mail.ru, телефондар: дир: 75/873, факс: 8/72934/75/873, бухгалтерия: 75/510, РНН 430700000995 БИК 192901704\, КБЕ-16

Тіркеу № 03-04/338

27.09.2023ж.

Маңғыстау облысының білім
басқармасының басшысы
Д.Жұмашеваға

О.Тұрмағанбетұлы атындағы Маңғыстау индустриалды техникалық колледж әкімшілігі, Сіздің 26.09.2023 ж №02 32-2502 хатыңызға сәйкес, «Білім беру ұйымдарындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» бұйрығын және хаттаманың орындалысы туралы ақпарат жолдайды.

Қосымша: хаттама.

Колледж басшысының м.а.:  Джульбикеева.Б.А



Маңғыстау облысының білім басқармасының О.Тұрмағанбетұлы атындағы Мағыстау
индустриалды техникалық колледжі мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны.

Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-
қызметтер туралы ережеге сәйкес

ХАТТАМА №2

Жаңаөзен қаласы

27.09.2023ж

Қатысқан: 134

Күн тәртібінде

1.«Біз сыбайлас жемқорлыққа қарсымыз»мәселені талқылау колледждің ұжымына
арналады.

Колледж басшысының у.м.а Джульбикеева Б.А колледж ұстаздары мен
қызметкерлеріне Квазимемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа
қарсы комплаенс-қызметтер туралы ереже«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл
туралы»Қазақстан республикасы Заңының 16-бабының 3-ші тармағына сәйкес жиналыс
жасақтап,квазимемлекеттік функцияларын орындайтын құрылымдық бөлімшелердің
немесе адамдардың мақсаттарын,міндеттерін,қағидаттарын,өкілеттері туралы түсіндірді.
Сыбайлас жемқорлықтың зардаптары:

- қоғамның бақытты болашағын тежейді
- елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіреді
- жұртшылықтың заң мен әділдікке,билікке деген сеніміне зиян түсіреді.

Күнделікті оқу процесінде жемқорлыққа жол бермеу мәселелері үнемі қадағаланып
және осы заң аясында колледж тарапынан сыбайлас жемқорлық туралы заңды және оған
байланысты жауапкершілікті,жемқорлықты болдырмау,алдын-алу шаралары туралы
түсіндіру жұмыстары,жиналыстар үнемі жүргізіліп отырады.Жиналысты
басшы,заңгер,басшының орынбасары және тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасары
жүргізеді.

Колледж басшысы білім алушылар,оқытушылар топ жетекшілері сессия кезінде
сыбайлас жемқорлықтың болдырмауының алдын алып,ешқандай ақша беру,ақша алу
фактілерін болдырмау,оған жол бермеу бағытына жұмыстар жүргізіліп,қатаң бақылап
отырады.Оған әрбір азамат пен азаматша жауапты екенін ескертеді.

Сонымен қатар,сессия кезінде оқытушылар өз лауазымын пайдалану арқылы ақша
алу жинау-парақорлыққа делдал болу,яғни пара алушыға және пара берушіге олардың
арасындағы алу және беру туралы келісімге қол жеткізу немесе оны іске асыруға ықпал
еткен жағдайда,Қазақстан Республикасы қылмыстық кодексінің заңына сәйкес
жазылатыны ескертіледі.

Әрбір оқытушы,оқушы,қызметкер,аталған фактілер анықталған,байқалған колледж
әкімшілігіне хабар етуге міндетті екенін міндеттейді.

Жыл сайын ата-аналар мен білім алушыларға ақша жинамау керек екендігі түсіндіріліп, сыбайластықты болдырмау туралы сауалнама жүргізіліп, іс-шаралар, топ сағаттары өткізіліп отырады және қимыл агентігінің қызметкерлерімен құқық қорғау қызметкерлерінің қатысуымен шаралар өткізіледі.

Сонымен қатар, колледжіде «Мемлекеттік сатып алу Заңына» сәйкес, баға ұсынысы бойынша портал арқылы қажетті тауарлар алынады. Оған жауапты колледж басшысы, есепші және қоймашы. Сондықтан білім берушілер мен қызметкерлерден басқа осы есеп бөлімінде жиі ұжым алдын да өз есептерін беріп, жемқорлықтың алдын алып отырады.

Лауазымдық өкілеттерді пайдаланып, мемлекеттік функцияларын орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтарымен өкілеттіліктерінің шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарымен заңды мүдделеріне не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасау-Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен жазаланады.

Жиналыстың шешімі:

1. Квaziмемлекеттік сектор субъектілеріндегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы комплаенс-қызметтер туралы үлгілік ереже (бұдан әрі-Үлгілік ереже)

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 16 бабының 3-тармағына сәйкес әзірленді.

2. Лауазымдық өкілеттерді пайдаланған, яғни мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілеттік берілген адамның не оған теңестірілген адамның не лауазымды адамның өзінің құқықтарымен шегінен анық шығатын және азаматтардың немесе ұйымдардың құқықтарымен не қоғамның немесе мемлекеттің заңмен қорғалатын мүдделеріне елеулі зиян келтіруге әкеп соққан әрекеттер жасауы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексімен жазаланады.



Колледж басшысы у.м.а:

Б.А. Джульбикеева

Хатшы бөлімі

А.Жумагалиева